

Хаттама №1

2022 жылдың 26 тамыз күні сағат 15:00 де А.С.Пушкин атындағы орта мектебінде директоры жанындағы кеңес болды.

Қатысушылар:

Мырзагалиев А.О. – мектеп директоры

Тоқаева Ж.Т. – мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

Сәмиева Г.Т. – мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Сейтова А.К. -10 сынып жетекшісі

Толегенова Р.А. -11 сынып жетекшісі

Күн тәртібі:

1.Білім алушылардың жеке мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында білім алушылардың қалауынша өздеріне маңызды оқытудың тереңдетілген және стандарттық деңгейлеріндегі оқу пәндерін тандау

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мекетеп директоры А.О.Мырзагалиев сөз алды.

А.С.Пушкин атындағы орта мектебінің жалпы орта білім берудің оқу жұмыс жоспары (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 27-қосымшасымен, ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен) бекітілген білім алушылардың тандау пәндерінің тереңдетілген және стандартты деңгейлерін анықтау керек.

Сөйлеушілер:

1. **Ж.Т.Тоқаева** - мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

Біздің мектебімізде жоғары сынып білім алушылары тереңдетілген деңгей бойынша 10 сынып физика және биология пәндерін тандап отыр, 11 сынып биология және химия пәндерін тандап отыр. Ал стандартты деңгей бойынша 10 сынып «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», 11 класс та «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәндерін тандап отыр. Осыған байланысты ата-аналармен сөйлескенде оқушылардың тандау пәндеріне жоғарыда аталған пәндер оқытылса деген өтініш білдірді.

2. **Толегенова Р.А.** -11 сынып жетекшісі.

11-класс оқушылары өздерінің тандау пәндеріне сәйкес жаратылыстану пәндерінің ішінен химия және биология пәндерін тандап отыр. Оқушылардың ата-аналарымен кездесу болды. Барлық ата-ана балаларының болашақта тандап отырған мамандықтарына қарай химия және биология пәндерінің тереңдетіліп оқытылуына ұсыныс айтып, өтініш білдірді.

Қаулы:

1. А.С.Пушкин атындағы орта мектебінің жалпы орта білім берудің оқу жоспарын басшылыққа ала отырып, тереңдетілген деңгей бойынша 10 сынып физика және биология пәндері, 11 сынып химия және биология пәндері таңдалсын. Стандартты деңгей бойынша 10 сыныпта «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», 11 сыныпта «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәндері таңдалсын.

Жиналыс төрағасы

А.О.Мырзагалиев

Хатшы

Б.Алтынбаева

